

*Клиенттерге: заңды тұлғаларға арналған тарифтердегі өзгерістер туралы ақпарат.*

### **Құрметті клиенттер!**

Банк ВТБ (Қазақстан), Банктің Басқармасы бекіткен (2021 жылғы «10» наурыздағы №16 Хаттама) өзгерістер мен толықтырулар есепке алынған, Ағымдағы шот ашу туралы қосылу шартының (бұдан әрі - Шарт) (заңды тұлғалар және олардың оқшауланған бөлімшелеріне (филиалдарына, өкілдіктеріне) арналған 1.7. тармағына сәйкес, осы Шартқа қосылған және оның шарттарында ағымдағы шоттарды ашқан банк клиенттеріне, 2022 жылғы 28 қазаннан бастап Шарт шеңберінде көрсетілетін төлем қызметтері бойынша ЕКҚ қызметтер пакеті шеңберіндегі банк тарифтерінің мөлшерлерінің өзгеруі туралы хабарлайды.

Шарттың талаптарына сәйкес, аталмыш хабарлама орналастырылғаннан кейінгі үшінші жұмыс күнінде, Сіз банкке Өзіңіздің уәкілетті өкіліңіз қол қойған жазбаша бас тартуды жіберуге құқылысыз.

Шарттың 1.7. тармағына сәйкес, аталмыш хабарлама орналастырғаннан кейінгі үшінші күні Сіздің уәкілетті өкіліңіздің қол қойған жазбаша бас тартуды банкке әкелмеуі, сіздің аталмыш Шарт шеңберінде көрсетілетін төлем жасау қызметтері бойынша банк тарифтерінің мөлшерімен сіздің келісіміңізді қуәландыратындығына және өзгертілген шарттарда ағымдағы шотты пайдалануға арналған Сіздің ерік білдіруіңіздің жеткілікті растамасы болып табылатындығына Сіздің назарыңызды аударамыз. Мұндай келісім толық және сөзсіз деп танылады.

Банктің Басқармасымен бекітілген ЕКҚ қызметтер пакеттері шеңберіндегі Банк тарифтерінің өзгеруі (11.10.2022 ж. №59 шешім) банктің интернет желісінде сайтында келесі ұсынылған мекенжай бойынша орналастырылған: [www.vtb-bank.kz](http://www.vtb-bank.kz).

**Құрметпен, Банк ВТБ (Қазақстан)**